Балалардың хал-ахуал индексін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-ө өкімі

Балалардың әртүрлі салалардағы жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық саясаттың тиімділігін қадағалау мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Балалардың хал-ахуал индексі (бұдан әрі – индекс) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі:

1) жыл сайын 1 маусымға қарай индексе мониторинг жүргізуді;

2) индекс мониторингінің қорытындыларын Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы мемлекеттік баяндамаға енгізуді қамтамасыз етсін.

3. Мүдделі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар құзыреті шеңберінде жыл сайын (1 сәуірден кешіктірмей) өткен күнтізбелік жылғы статистикалық деректердің толтырылуын қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2022 жылғы 1 ақпандағы
№ 10-ө өкімімен
бекітілген

Балалардың хал-ахуал индексі

1. Осы Балалардың хал-ахуал индексі (бұдан әрі – индекс) балалардың хал-ахуалын және әртүрлі салаларда балаларға жағдай жасауға бағытталған ұлттық саясаттың тиімділік дәрежесін бағалау мақсатында әзірленді.

Индексті енгізу балалар мен ата-аналардың/заңды өкілдердің (бұдан әрі –ата-аналар) пікірін ескере отырып, өңірлер бойынша әртүрлі салаларда балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған шаралардың тиімді іске асуына кедергі келтіретін факторларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

2. Осы өкімге қосымшаға сәйкес индекс негізгі 4 бағыттан тұрады: "Бала", "Отбасы және қоғам", "Мемлекеттік саясат", "Елдің әл-ауқаты".

3. Индекс орнықты даму саласындағы "Ешкімді шетте қалдырмау" қағидатын ескере отырып әзірленді.

4. Қажетті деректер орталық мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – ОМО) және жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – ЖАО), сондай-ақ халықаралық және

отандық зерттеу құрылымдарының ашық дереккөздерінен қалыптастырылатын болады. Сауалнама деректері балалар (ата-анасының рұқсатымен) мен ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы қалыптасады.

5. Осы индексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бағыттарды есептеу – бағыттарға кіретін құрамдауыштардың немесе статистикалық/сауалнамалық деректердің арифметикалық орташа мәнін анықтау арқылы жүргізілетін есептеу;

2) балаларға арналған бюджет – республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерден балалардың қажеттіліктеріне бағдарланған, балаларға арналған бюджет шығыстары;

3) балалардың қажеттіліктеріне бағдарланған бюджет шығыстары – бұл балалардың қажеттіліктеріне бағдарланған бюджеттік бағдарламалар/кіші бағдарламалар бойынша тікелей және жанама шығыстардың жиынтығы;

4) баланың хал-ахуалы – баланың физикалық және психологиялық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы біліммен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздікпен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсерінен қалыптасқан жағдайы;

5) деректерді нормаға айналдыру – деректердің бастапқы (туынды) мәндерін нормалық (орташа) мәнге айналдыру;

6) жанама шығыстар – балаларды қолдауға және дамытуға тікелей және біржақты бағытталмаған, бірақ халықтың барлық жас санаттарын, оның ішінде балаларды қамтитын нақты шығыстар (мысалы, балалар бөлімшесі бар ауруханаңы ұстау (жалпы шығыстардағы үлесі); оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету (игілік алушылардың кең ауқымы) және т. б.);

7) статистикалық/сауалнамалық деректер – балалардың әртүрлі салалардағы, оның ішінде өңірлер бойынша жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер;

8) қорытынды индексті есептеу – барлық бағыттардың арифметикалық орташа мәнін анықтау жолымен жүргізілетін есептеу;

9) құрамдауыш – балалардың белгілі бір саладағы жағдайын сипаттайтын статистикалық/сауалнамалық деректер жиынтығы;

10) мониторинг – балалардың игілігі саласындағы ұлттық саясаттың тиімділігі туралы ақпаратты жинауды, өңдеуді, талдауды, сақтауды және таратуды ұйымдастыру нысаны;

11) тікелей шығыстар – кәмелетке толғанға дейін балаларды қолдауға және дамытуға тікелей және біржақты бағытталған нақты шығыстар (мысалы, жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, балалар

кітапханаларының, балаларға арналған спорт мектептері мен секцияларының, оқушылар сарайларының жұмыс істеуіне, балалардың қоғамдық көлікте тегін жүруін қамтамасыз етуге, балалар ауруханаларына және т.б. арналған шығындар).

Балалардың хал-ахуал индексіне
қосымша

"Бала" бағыты

Р/с№	Деректер	Деректер сипаттамасы	
1	2	3	4
	Туған 1000 балаға шаққанда 5 жасқа дейін қайтыс болған балалардың саны	Сипаты	0-4 жастағы балалардың шетінеу деңгейін көрсететін 5 жасқа дейінгі балалар шетінеуінің коэффициенті
		Есептеу формуласы	5m0= 5M0Nt×1000 мұндағы: $_5m_0$ – 5 жасқа дейінгі балалар өлімінің коэффициенті; $_5M_0$ – 5 жасқа дейін (0-4 жасты қоса алғанда) шетінеген балалардың саны; N^t- t есепті жылы тірі туғандар саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР СЖРА ҰСБ
	100 000 балаға шаққанда сыртқы себептерден 0-18 жаста қайтыс болған балалардың саны	Сипаты	Қайтыс болудың жас бойынша коэффициенттері күнтізбелік жыл ішінде осы жаста қайтыс болғандар санының осы жастағы адамдардың орташа жылдық санына арақатынасы ретінде есептеледі. Осыған ұқсас, қайтыс болу себептері бойынша қайтыс болу коэффициенттері қайтыс болудың көрсетілген себептерінен қайтыс болғандар санының халықтың орташа жылдық санына арақатынасы ретінде есептеледі

		Есептеу формуласы	ASDR0-18i= D0-18iP0-18 ×100 000 мұндағы: ASDR0-18i – сыртқы себептерден қайтыс болудың жас шамасының коэффициенті; D0-18i – бір жыл ішінде сыртқы себептерден 0-18 жастағы қайтыс болғандар саны; P0-18 – 0-18 жастағы адамдардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР СЖРА ҰСБ
	100 000 балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың саны	Сипаты	100 000 балаға шаққанда семіздікке шалдыққан 0-18 жастағы балалардың жалпы саны
		Есептеу формуласы	C=N0-18P0-18×100000 мұндағы: C – 100 000 балаға шаққанда 0-18 жасқа дейінгі балалар арасында семіздікпен ауыратындар саны; N0-18 – 0-18 жастағы балалар арасында семіздікпен ауыратындар саны; P0-18 – 0-18 жастағы адамдардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР ДСМ
	100 000 балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны	Сипаты	100 000 балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының жалпы саны
		Есептеу формуласы	C=N0-18P0-18×100 000 мұндағы: C – 100 000 балаға шаққанда 0-18 жастағы балалар арасында ас қорыту органдары ауруларының саны; N0-18 – 0-18 жастағы балалар арасында ас

			қорыту органдары ауруларының саны; Р0-18 – 0-18 жастағы адамдардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР ДСМ
	Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалар санының осы жастағы балалардың жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=N0-14P0-14×100 мұндағы: S – 0-14 жастағы балалардың жалпы санынан профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған сымбаты бұзылған осы жастағы балалардың үлесі, %; N 0 - 1 4 – профилактикалық қарап-тексерулердің нәтижесінде анықталған сымбаты бұзылған 0-14 жастағы балалардың саны; Р0-14 - 0-14 жастағы балалардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР ДСМ
		Сипаты	Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың санына осы жастағы балалардың жалпы санының арақатынасы
			S=N0-14P0-14×100 мұндағы: S – профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған

	Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалардың үлесі, %	Есептеу формуласы	0-14 жастағы балалардың жалпы санынан көзінің көруі нашарлаған осы жастағы балалардың үлесі, %. N 0 - 1 4 – профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған көзінің көруі нашарлаған 0-14 жастағы балалар саны; P0-14 – 0-14 жастағы балалардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР ДСМ
	Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалар санының осы жастағы балалардың жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=N0-14P0-14×100 мұндағы: S – профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалардың үлесі, %. N 0 - 1 4 – профилактикалық қарап-тексеру нәтижесінде анықталған есту қабілеті нашарлаған және сөйлеу кемістігі бар 0-14 жастағы балалар саны; P0-14 – 0-14 жастағы балалардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР ДСМ
			Сырқаттану деңгейі алғаш рет белгіленген диагнозы бар науқастар санының тұрақты

		Сипаты	халықтың орташа жылдық санына қатынасымен айқындалады. Халықтың сырқаттануы туралы деректерді статистикалық әзірлеу үшін сырқаттану мен өлім-жітім туралы мәліметтердің салыстырмалылығын қамтамасыз ететін Аурулардың халықаралық сыныптамасы қолданылады
	15-17 жастағы балалар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен сырқаттану көрсеткіші	Есептеу формуласы	C=N15-17P15-17×100 000 мұндағы: C – 15-17 жастағы 100 000 балаға шаққанда тиісті жастағы балалардың психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық ауытқумен (аурулармен) сырқаттануы; N15-17 – "психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзушылық (ауру)" деген алғаш анықталған диагнозы бар 15-17 жастағы балалар саны; P15-17 – 15-17 жастағы адамдардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР ДСМ
	100 000 балаға шаққанда балалар арасындағы	Сипаты	100 000 балаға есептегенде балалар арасындағы суицид оқиғаларының жалпы саны
			C=NP×100 000 мұндағы: C – 100 000 балаға шаққанда тиісті жастағы

	суицид оқиғаларының саны, бірлік	Есептеу формуласы	балалар арасындағы суицид оқиғаларының саны; N – балалардың суицидтен қайтыс болуының жалпы саны; Р – балалардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР БП ҚСжАЕК
	Өмірге қанағаттану деңгейі жоғары 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Өміріне қанағаттануы жоғары екенін атап өткен, сауалнама жүргізілген 10-18 жастағы балалар санының сауалнама жүргізілген 10-18 жастағы балалардың жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: S – өмірге қанағаттану деңгейі жоғары 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – өмірге қанағаттану жоғары екенін атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнама жүргізілген 10-18 жастағы балалардың жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
		Сипаты	Достар табуы қиын емес екенін атап өткен, сауалнама жүргізілген 10-18 жастағы балалар санының 10-18 жастағы балалардың жалпы санына арақатынасы (әлеуметтанушылық зерттеу әдісімен)
			S=N10-18R10-18×100 мұндағы:

	Жалпы білім беретін мектепте достар табуы қиын емес 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Есептеу формуласы	S – жалпы білім беретін мектепте достар табуы қиын емес 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – жалпы білім беретін мектепте достар табуы қиын емес екенін атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнама жүргізілген 10-18 жастағы балалардың жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
	Балалардың құқықтық қорғалу деңгейі, %	Сипаты	Балалардың құқықтық қорғалу деңгейін бағалау, балалардың өз құқықтары мен міндеттерін білуі, оларды практикада қолдануы. Ата-аналардың, педагогтердің, тәрбиешілердің және бала тәрбиесіне қатысатын басқа да адамдардың, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер өкілдерінің Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясының негізгі ережелерін орындауын мониторингтеу
		Есептеу формуласы	Әлеуметтанушылық зерттеу нәтижелері (үш көрсеткіштің орташа арифметикалық мәні: балалардың құқықтары туралы хабардар болуы, құқықтардың сақталуына қанағаттануы (өз білімдерін практикада қолдануы), міндеттер туралы хабардар болуы).
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18

			жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
	Жалпы білім беретін мектеп білім алушыларының білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) нәтижелерінің орташа көрсеткіші, балл	Сипаты	Жалпы білім беретін мектептердің 4 және 9-сынып оқушыларының қорытынды балы
		Есептеу формуласы	ББЖМ=БЖ1+БЖ2+ ... БЖnn=i=1nБЖin мұндағы: ББЖМ – жалпы білім беретін мектептердің барлық оқушылары бойынша білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингтеу (ББЖМ) нәтижелерінің орташа көрсеткіші; БЖ – жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жетістіктері; n – жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жалпы саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР БҒМ
		Сипаты	ЖОО-ға түсу кезінде шекті деңгейден (ұлттық және медициналық ЖОО-лар – 65 балл, "білім беру", "ауыл шаруашылығы ғылымдары" және "ветеринария" мамандықтарының топтары бойынша – 60 балл, университеттер – 50 балл) өткен жалпы білім беретін мектеп бітірушілері санының ҰБТ-ға қатысқан жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің жалпы санына арақатынасы
			S=NP×100 мұндағы: S – ЖОО-ға түсу кезінде шекті деңгейден өткен

	Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) шекті деңгейінен өткен білім алушылардың үлесі, %	Есептеу формуласы	жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің үлесі; N – ЖОО-ға түсу кезінде шекті деңгейден (ұлттық және медициналық ЖОО-лар – 65 балл, "білім беру", "ауыл шаруашылығы ғылымдары" және "ветеринария" мамандықтарының топтары бойынша – 60 балл, классикалық университеттер – 50 балл) өткен жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің саны; Р – ҰБТ-ға қатысқан жалпы білім беретін мектеп бітірушілерінің жалпы саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығы

"Отбасы және қоғам" бағыты

Р/с №	Деректер	Деректер сипаттамасы

1	2	3	4
1.	Ата-аналарымен өз проблемаларын ашық талқылай алатын 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Ата-аналарымен өз проблемаларын ашық талқылай алатынын атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – ата-аналарымен өз проблемаларын ашық талқылай алатын 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – ата-аналарымен өз проблемаларын ашық

			талқылай алатынын атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
2.	Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетіндігімен толық келісетін 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетіндігімен толық келісетінін атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетіндігімен толық келісетін 10-18 жастағы балалар үлесі; N10-18 – отбасында шешім қабылдау кезінде өз пікірінің ескерілетіндігін атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)

		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
3.	1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалар саны, адам	Сипаты	Аталған көрсеткіш заңда белгіленген тәртіппен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған деп танылған 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы санының 0-18 жастағы адамдардың бір жылдағы орташа санына қатынасын білдіреді
		Есептеу формуласы	C=NP0-18×1000 мұндағы: *C* – 0-18 жастағы 1000 балаға шаққанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тиісті жастағы балалар саны; *N* – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 0-18 жастағы балалардың жалпы саны; P0-18 – 0-18 жастағы адамдардың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР БҒМ
4.	1000 балаға шаққанда өмірде қиын жағдайда жүрген балалар саны, адам	Сипаты	Бұл көрсеткіш өмірде қиын жағдайда деп танылған балалардың жалпы санының бір жылдағы 0-18 жастағы адамдардың орташа санына қатынасын білдіреді
		Есептеу формуласы	C=NP0-18×1000 мұндағы: *C* – 0-18 жастағы 1000 балаға шаққанда өмірде қиын жағдайда жүрген тиісті жастағы балалар саны; *N* – өмірде қиын жағдайда деп танылған 0-18 жастағы балалар саны; P0-18 – 0-18 жастағы халықтың орташа жылдық саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР БҒМ

5.	Жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімді елді мекендердің үлесі, %	Сипаты	Жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімді елді мекендер санының елді мекендердің жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=EiE×100 мұндағы: *S* – жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімді елді мекендердің үлесі; Ei – жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімді елді мекендердің саны; E – елді мекендердің жалпы саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ЖАО
6.	Үйде қосымша оқуға арналған кітаптары бар 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Үйде қосымша білім алу үшін қажетті кітаптар бар екенін атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – үйде қосымша білім алу үшін қажетті кітаптар бар екенін атап өткен 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – үйде қосымша білім алу үшін қажетті кітаптар бар екенін атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)

		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
7.	Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Оқуға арналған компьютерлік техникасы бар екенін атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнамадағы тиісті сұраққа жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – оқуға арналған компьютерлік техникасы бар екенін атап өткен 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – оқуға арналған компьютерлік техникасы бар екенін атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
		Сипаты	Күн сайын көкөністер мен жемістерді тұтынатынын атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
			S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – күн сайын көкөністер мен жемістерді тұтынатынын атап өткен

8.	Күн сайын көкөністер мен жемістер тұтынатын балалардың үлесі, %	Есептеу формуласы	10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – күн сайын көкөністер мен жемістерді тұтынатынын атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
9.	Тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санындағы үлесі, %	Сипаты	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының тұрғын үй кезегінде тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=AP×100 мұндағы: S – тұрғын үймен қамтамасыз етілген жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы санындағы үлесі; A – тұрғын үй алған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны; P – тұрғын үй алуға кезекте тұрған осы санаттағы азаматтардың жалпы саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ЖАО, ИИДМ
			Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі

10.	Жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі	Сипаты	екенін атап өткен респонденттер (ата-аналар) санының қатынасы
		Есептеу формуласы	S=NR×100 мұндағы: *S* – жеке бөлмесі бар немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі балалардың үлесі; N – балаларының жеке бөлмесі бар екенін немесе үйде тұратын бір адамға кемінде 15 шаршы метр тұрғын алаңы тиесілі екенін атап өткен ата-аналардың саны; R – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген респонденттердің (ата-аналардың) жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-аналар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
11.	Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың үлесі, %	Сипаты	Жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтынын атап өткен сауалнамаға қатысқан ата-аналар санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген сауалнама жүргізілген ата-аналардың жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=AR×100 мұндағы: *S* – жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтынын атап өткен ата-аналардың үлесі; *A* – жұмыс жүктемесіне байланысты балаларына жеткілікті уақыт бөле алмайтын ата-аналардың саны; R - сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген

			ата-аналардың жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-аналар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
12.	Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға /жәбірлеуге ұшыраған 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға /жәбірлеуге ұшырағанын атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына қатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – қорлауға/жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға /жәбірлеуге ұшырағанын атап өткен 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – қорлауға/ жәбірлеуге, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы қорлауға/ жәбірлеуге ұшырағанын атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
			Жалпы білім беретін мектептегі қоғамдық өмірге қатысатындығымен толық келісетіндерін атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының

13.	Жалпы білім беретін мектептегі қоғамдық өмірге қатысатындығымен толық келісетін 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – жалпы білім беретін мектептегі қоғамдық өмірге қатысатынымен толық келісетінін атап өткен 10-18 жастағы балалардың үлесі; N10-18 – жалпы білім беретін мектептегі қоғамдық өмірге қатысатынымен толық келісетінін атап өткен 10-18 жастағы балалардың саны; R10-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
14.	Бір аптада көше ойындарына арналған күн саны (10-18 жастағы балалар) немесе аптасына ашық ауада өткізілетін сағат саны (аптасына 4 және одан да көп сағат)	Сипаты	Бұл көрсеткіш аптасына балалардың ашық ауада өткізетін орташа уақыт санын білдіреді. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	Сауалнаманың тиісті сұрағына респонденттер жауаптарының орташа көрсеткішін шығару арқылы есептеледі
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері

"Мемлекеттік саясат" бағыты

Р/с №	Деректер	Деректер сипаттамасы

1	2	3	4
1.	Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10-18 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататынын атап өткен 10-18 жастағы респонденттер санының сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы санына арақатынасы. Сауалнама нәтижелері бойынша анықталады
		Есептеу формуласы	S=N10-18R10-18×100 мұндағы: *S* – жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататын 10-18 жастағы балалардың үлесі; *N* – жалпы білім беретін мектепте оқығанды ұнататындығын атап өткен 10-18 жастағы балалар саны; R0-18 – сауалнаманың тиісті сұрағына жауап берген 10-18 жастағы респонденттердің жалпы саны
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-анасының рұқсатымен 10-18 жастағы балалар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
2.		Сипаты	Бұл көрсеткіш ата-аналардың балалары оқитын жалпы білім беретін мектеппен өзара іс-қимыл деңгейін білдіреді. Респонденттердің бірнеше тиісті сұрақтарға жауаптарының нәтижелері бойынша қалыптастырылады

	Ата-аналар мен мектептің өзара іс-қимыл деңгейі, %	Есептеу формуласы	Сауалнаманың тиісті сұрақтарына респонденттер жауаптарының орташа көрсеткішін шығару арқылы есептеледі
		Деректер типі	Сауалнама деректері (ата-аналар арасындағы сауалнама)
		Дереккөз	Сауалнама нәтижелері
3.	Мектепке дейінгі білім берумен қамтылған 1-6 жастағы балалардың үлесі, %	Сипаты	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тәрбиемен және оқытумен қамтылған 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар санының мектепке дейінгі ұйымдарда және мектепалды сыныптарда орын алуға тіркелген, жыл ішінде өз кезектілігін растаған (өзектендірген) осы жас тобындағы балалардың жалпы санына арақатынасы
		Есептеу формуласы	S=G1-6F1-6×100 мұндағы: S – мектепке дейінгі біліммен қамтылған 1-6 жастағы балалардың үлесі; G1-6 – мектепке дейінгі ұйымдармен және мектепалды сыныптармен қамтылған 1-6 жастағы балалар саны ; F1-6 – мектепке дейінгі ұйымдармен, мектептердің мектепалды сыныптарымен қамтылған 1-6 жасқа дейінгі балалар саны және мектепке дейінгі ұйымдарға баратын және бір мезгілде кезекте тіркелген балаларды және мектеп жасына жеткеннен кейін мектептердің бастауыш сыныптарында оқитын

			балаларды есепке алмағанда, кезекте тіркелген балалар саны
		Деректер типі	Статистикалық деректер
		Дереккөз	ҚР БҒМ
